«8D03104 – Саясаттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
Әлішерова Айгерім Бақытжанқызының
«Саяси реформалар кезіндегі студенттік жастардың саяси мәдениетінің трансформациялану ерекшеліктері (Алматы қаласы мысалында)» тақырыбындағы диссертациясына
АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Бұл диссертациялық зерттеу Қазақстандағы саяси реформалардың студенттік жастардың саяси мәдениетіне тигізетін ықпалын кешенді түрде қарастырады. Қазақстандағы соңғы жылдардағы саяси өзгерістер студенттердің саяси қатысуы мен көзқарастарына қалай әсер еткенін талдау негізгі зерттеу мәселесі болып табылады. Жұмыста саяси мәдениет ұғымының теориялық негіздері, оның құрылымдық ерекшеліктері мен түрлері зерделенеді. Сондай-ақ Қазақстандағы саяси реформаларға талдау жүргізіліп, олардың студент жастардың саяси санасына, белсенділігіне және әлеуметтену бағдарларына ықпалы қарастырылады. Зерттеу Алматы қаласының студенттік жастарын мысалға ала отырып жүргізіледі, себебі бұл қала – саяси, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан белсенді жастардың шоғырланған ортасы. Эмпирикалық деректер негізінде Алматыдағы студенттік жастардың саяси мәдениетінің ерекшеліктері мен белсенділігінің трансформациялану үрдісі сипатталады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Біріншіден, соңғы жылдары Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан саяси реформалар қоғамның институционалдық және құндылықтық негіздеріне елеулі ықпал етіп, елдегі саяси үрдістерінің жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне жағдай жасады. 2025 жылы 6 ақпанда ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының "KISI GPS: Gylym. Pikir. Sayasat" ұлттық сараптамалық алаңында өткен "Қ.К. Тоқаевтың үш жылдық саяси реформаларының қорытындылары" тақырыбындағы отырысында сарапшылар реформалардың сәтті жүзеге асып, нәтиже беріп жатқандығын талқылады. Азаматтық қоғамның реформалардың тек бенефициары ғана емес, олардың белсенді қатысушысына айналуы, Конституциялық сот пен онлайн петициялар сияқты жаңа институттардың қалыптасуы саяси мәдениеттегі сапалық өзгерістердің айқын көрінісі ретінде бағаланады. Сарапшылар еліміздегі саяси трансформация үдерісінің қайтымсыз сипат алғанын атап өтіп, сонымен қатар оның шынайы ықпалын бағалау үшін ғылыми қауымдастықтың белсенділігі мен аналитикалық әлеуеті айрықша мәнге ие екенін айтады. Осы тұрғыда, саяси мәдениеттің трансформациялану ерекшеліктерін, әсіресе жастар арасындағы саяси бағдарлар мен үрдістерді талдау қазіргі кезеңде өзекті әрі ғылыми-тәжірибелік маңызы жоғары бағыттардың бірі болып табылады.

Екіншіден, жастар – бұл елдің болашағы ғана емес, оның бүгіні. Ал жастардың саяси мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына қазірден қолдау көрсету, өскелең ұрпақтың қоғамға кірігуіне жағдай жасау – маңызды мемлекеттік міндет. Студенттер – жастар арасындағы ең білімді әрі белсенді топ ретінде жаңа саяси құндылықтардың қалыптасуына ықпал ететін негізгі әлеуметтік күштердің бірі. Жоғары білім беру жүйесіндегі студенттер қоғам аясындағы маңызды саяси субъектілер ретінде жиі қарастырылады, сондықтан олардың саяси белсенді болуы күтіледі [13]. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 14-35 жас аралығындағы жастардың 41,1%-ын студенттер, 11,5%-ын оқушылар, 6,8%-ын NEET санатындағы жастар, ал оның ішіндегі жұмыссыздар 3,3% құрайды. Демек, студенттер - жастар құрылымындағы үлесі ең жоғары әрі саяси белсенділік әлеуеті айтарлықтай күшті топ болып табылады [121].

Үшіншіден, жастардың саяси мәдениетін олардың саяси бағдарлары, институционалдық сенім деңгейі, саяси ақпаратты қабылдау және бағалау ерекшеліктері тұрғысынан кешенді талдау арқылы мемлекеттік жастар саясатының тиімділігін арттыруға қажетті ұсынымдар мен стратегияларды ұсынуға мүмкіндік береді.

Зерттеу тақырыбының ғылыми зерттелу деңгейі. Бүгінгі таңда әлемдік академиялық ғылымда жастардың, соның ішінде студенттік жастардың саяси мәдениеті феномені саясаттану, әлеуметтану, әлеуметтік психология, коммуникация теориясы, медиа және мәдениеттану тоғысындағы көпсалалы зерттеу нысаны ретінде қарастырылуда. Халықаралық, ресейлік/ТМД және қазақстандық әдебиетте саяси мәдениет, жастардың саяси әлеуметтенуі және цифрлық саяси қатысу мәселелері жан-жақты зерттелгенімен, Қазақстанда жүргізілген саяси реформалар жағдайында, нақты Алматы қаласы мысалында студенттік жастардың саяси мәдениетінің трансформациялану ерекшеліктерін кешенді түрде талдауға арналған арнайы зерттеулер жеткіліксіз екендігі анықталды.

Диссертациялық зерттеудің гипотезасы. Қазақстанда билік транзитінен кейін қабылданған саяси реформалар аясында студенттік жастардың саяси мәдениеті трансформацияланды. Бұл олардың саяси санасының күшеюі, азаматтық белсенділігінің артуы және саяси қатысу формаларының дәстүрлі форматтан цифрлық активизмге ауысуымен ерекшеленеді.

Зерттеудің негізгі гипотезасына сәйкес бірнеше **зерттеу сұрақтары** әзірленді:

- Билік транзитінен кейінгі саяси реформалар студенттік жастардың саяси мәдениетіне қалай әсер етті?
- Саяси реформалар туралы хабардарлық пен саяси белсенділіктің арасында байланыс бар ма?

- Студенттік жастардың билікке, саяси институттарға және реформаларға деген сенімі қандай деңгейде, және олардың саяси белсенділігіне қалай әсер етеді?
- Жастар арасында дәстүрлі саяси қатысу (мысалы, сайлауға бару) мен онлайн саяси қатысу (мысалы, петицияларға қол қою, әлеуметтік желілердегі саяси пікірталастарға қатысу) арасында айырмашылық деңгейі қандай?

Зерттеудің нысаны - студенттік жастардың саяси мәдениеті.

Зерттеудің пәні - саяси реформалар жағдайындағы Алматы қаласының студенттік жастарының саяси мәдениетінің өзгеруі мен ерекшеліктері.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы саяси реформалар жағдайында Алматыдағы студенттік жастардың саяси мәдениетінің өзгерісі мен ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеудің объектісі, пәні мен мақсаты оның **негізгі міндеттерін** айқындады:

- саяси мәдениет тұжырымдамасының теориялық-концептуалдық негіздерін талдау;
- жастарды саяси мәдениет субъектісі ретінде қарастырып, олардың әлеуметтік-мәдени және құндылықтық ерекшеліктерін анықтау;
- саяси трансформациялар жағдайында Қазақстандық саяси мәдениеттің ерекшеліктерін айқындау;
- билік транзиті кезіндегі Қазақстандағы саяси реформалардың мәні мен мазмұнын талдау;
- әлеуметтік медианың жастардың дәстүрлі және дәстүрлі емес саяси қатысуына ықпалын зерделеу;
- Алматы қаласының студенттік жастарының саяси мәдениетінің трансформациясын саяси реформалар аясында саралау, оның негізгі бағыттары, ықпал етуші факторлары мен ерекшеліктерін талдап көрсету;
- студенттік жастардың саяси мәдениетін жоғарылатуға қатысты ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық зерттеу барысында автор тарапынан сапалық және сандық әдістерді қолдану арқылы әлеуметтанулық зерттеу жүргізілді. Ақпаратты жинау үшін жастарға байланысты статистикалық мәліметтерді қайта сараптау, мемлекеттік құжаттарға шолу жасау, дереккөздер мен материалдарды синтездеу, тарихи шолу, контент-талдау, құрылымды-функционалдық талдау, библиометриялық талдау, студенттік және эксперттік сауалнама, сондай-ақ тұжырымдар мен нәтижелерді жүйелеу және жалпылау әдістері қолданылады.

Диссертациялық зерттеу нәтижесінің ғылыми жаңалығы:

(1) Автор «студенттік жастардың гибридті-цифрлық саяси мәдениеті» (“hybrid-digital political culture”) концепциясын ұсынады. Бұл

тұжырымдама студенттік жастардың саяси мәдениетін офлайн (дәстүрлі құндылықтар, саяси институттарға қатынас, сайлау, партиялар) және онлайн кеңістіктегі (әлеуметтік желілер, онлайн-петициялар, eOtinish, цифрлық белсенділік) практикалардың біртұтас гибридті құрылымы ретінде түсіндіріледі.

(2) Scopus деректер базасындағы мақалаларға библиометриялық талдау (авторлар, журналдар, тақырыптық кластерлеу, кілтсөздер желісі) қолданылып, жастардың саяси мәдениеті жөніндегі зерттеулердің негізгі бағыттары кластерлер түрінде көрсетіледі. Осылайша, жұмыс әлемдік ғылыми әдебиеттегі негізгі трендтерді, зерттеу олқылықтарын және қазақстандық контекстің сол өрістегі орнын айқындайтын библиометриялық картаны ұсынады.

(3) Зерттеуде Қазақстандағы жастардың институционалдық саяси өкілдігі алғаш рет динамикада көпдеңгейлі түрде кешенді қарастырылды. 2016, 2021 және 2023 жылдардағы Мәжіліс пен мәслихат сайлауларында жас кандидаттар үлесі, 30% квотаның нақты құрылымы және жас депутаттар саны салыстырмалы түрде талданып, жастардың үлесі анықталды.

(4) Саяси әлеуметтену мен ақпараттанудың дәстүрлі агенттерінен әлеуметтік желілер мен онлайн-платформаларға (Instagram, TikTok, YouTube, Telegram және т.б.) құрылымдық ығысуы эмпириялық түрде дәлелденді.

(5) Саяси реформалар туралы хабардарлық деңгейі мен студент жастардың саяси қатысуының әртүрлі формалары арасындағы статистикалық корреляциялық байланыс анықталды. Зерттеу нәтижелері саяси реформалар мен жастардың саяси мәдениетінің трансформациясы арасында белгілі бір байланыс бар екенін көрсетеді.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері саяси мәдениетті зерттеушілерге, саясаткерлерге, азаматтық қоғам ұйымдарына және жастардың саяси процеске қатысуын кеңейтуге ұмтылатын басқа да мүдделі тараптарға құнды ақпарат береді. Студенттік жастардың саяси білім деңгейі, құндылықтары мен саяси қатысу ерекшеліктері жөніндегі зерттеуледің жеткіліксіздігі бұл саладағы түсініктердің толық қалыптасуына кедергі келтіреді.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдамалар:

(1) Саяси мәдениет ұғымына авторлық анықтама және «гибридті-цифрлық саяси мәдениет» концепциясы ұсынылады. Зерттеуде саяси мәдениет адам мен қоғамның саяси қатынастарды түсіну, бағалау және солармен әрекет ету деңгейін, саяси білімнің тереңдігі мен сапасын, құндылықтар мен мінез-құлықтың жиынтығын қамтитын күрделі әлеуметтік-саяси феномен ретінде авторлық тұрғыда анықталады.

(2) Саяси мәдениет эволюциялық-трансформациялық сипатқа ие екені, дәстүрлі құндылықтар мен жаңа құндылықтардың ұрпақаралық

үйлесуі арқылы жастардың қазіргі саяси көзқарасы мен мінез-құлқы жаңарып отыратыны көрсетіледі. Осылайша, тарихи-мәдени контекст, қазіргі реформалық орта және цифрландыру тоғысында Қазақстан жастарының саяси мәдениеті гибридті, көпөлшемді және трансформацияланушы феномен ретінде көрініс табады.

(3) Зерттеу нәтижелері билік транзиті мен «Жаңа Қазақстан» саяси реформалары автократиялық элементтерден демократиялық институттарға қарай ілгерілеудің институционалдық негізін қаласа да, жастар санасына терең енуіне кедергі жасайтын факторларды атап, сол кедергілерді еңсеруге бағытталған ұсыныстар жасалады.

(4) 2021 және 2023 жылдардағы парламенттік сайлауларды салыстырмалы талдау жастардың институционалдық өкілдігінің кеңейгенін, бірақ әлі де жеткіліксіз екенін айқындайды. Партиялық тізімдерге жастарды көбірек енгізу және 30% квота механизмі жастардың парламенттік саясатқа формалды кіру мүмкіндіктерін арттырғаны сандық талдау арқылы көрсетіледі.

(5) Әлеуметтік медиа мен цифрлық платформалар (Instagram, TikTok, YouTube, Telegram, т.б.) студент жастардың саяси әлеуметтенуінің жетекші агентіне айналғаны эмпириялық түрде дәлелденеді.

(6) Саяси реформалар мен студенттік жастардың дәстүрлі және цифрлық саяси қатысуы арасындағы байланыстар корреляциялық талдау арқылы айқындалады. IBM SPSS бағдарламасында жүргізілген Pearson корреляциясы саяси реформалар туралы хабардарлық пен бірқатар саяси мінез-құлық көрсеткіштері арасында статистикалық тұрғыдан мәнді, негізінен әлсіз және орташа оң байланыстар бар екенін көрсетті.

(7) Зерттеу нәтижелері негізінде орта және жоғары білім беру жүйесінде азаматтық-саяси білім мазмұнын тереңдету, құқықтық және медиа-саяси сауаттылықты күшейту, ЖОО базасында жастар парламенттері, пікірсайыс клубтары, «жас саясаткерлер мектебі» сияқты тұрақты алаңдарды дамыту сияқты ұсыныстар әзірленді.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы. Зерттеу нәтижелері әртүрлі ғылыми алаңдарда апробациядан өтті, соның ішінде ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын 2-тізімдегі журналдарда 3 мақала жарияланды. Сонымен қатар, зерттеудің жекелеген аспектілері 4 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарық көрді. Зерттеу аясында дайындалған мақала Journal of Social Studies Education Research атты SCOPUS дерекқорында индекстелетін ғылыми журналда жарияланды (Q1, 2024 жылы – 75%; автордың Хирш индексі – 1).

Диссертацияның құрылымы мен мазмұны. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс 161 беттен, 30 сурет, 27 кесте және 1 сызбадан тұрады.